	ҚРҰБ	0,05	3,03	1,80	35,37	1,81	0,66	0,54	0,00	0,00	1,93	10,52	12,72	2,16	1,72	0,00	3,71	0,00	0,00
	"Сентрас Секьюритиз" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,01	0,04	0,01	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Alatau City Invest" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,01	0,02	0,01	0,03	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"BCC Invest" АҚ "Банк ЦентрКредит" АҚ ЕҰ	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,00	0,01	0,00	0,00	0,01	0,03	0,00	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Halyk Finance" АҚ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ	0,00	0,00	0,00	0,02	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,04	0,13	0,00	0,05	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Halyk Global Markets" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Tansar Capital" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
08.26	"БЖЗҚ" АҚ	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	23,44	0,41
	ҚРҰБ	0,05	3,07	1,96	35,06	1,69	0,66	0,67	0,00	0,00	2,12	10,49	12,61	2,10	1,71	0,00	3,40	0,00	0,00
	"Сентрас Секьюритиз" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,01	0,05	0,01	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Alatau City Invest" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,01	0,02	0,01	0,03	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"BCC Invest" АҚ "Банк ЦентрКредит" АҚ ЕҰ	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,00	0,01	0,00	0,00	0,01	0,03	0,00	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Halyk Finance" АҚ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ	0,00	0,00	0,00	0,02	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,04	0,14	0,02	0,05	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Halyk Global Markets" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,01	0,01	0,00	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Tansar Capital" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
09.26	"БЖЗҚ" АҚ	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	25,18	1,14
	ҚРҰБ	0,05	2,14	1,65	36,52	1,40	0,67	0,84	0,00	0,00	1,95	10,78	10,89	1,87	1,62	0,00	2,61	0,00	0,00
	"Сентрас Секьюритиз" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,01	0,10	0,01	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Alatau City Invest" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,02	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,01	0,03	0,01	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"BCC Invest" АҚ "Банк ЦентрКредит" АҚ ЕҰ	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,00	0,01	0,01	0,00	0,01	0,05	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Halyk Finance" АҚ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,07	0,14	0,03	0,03	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Halyk Global Markets" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
	"Tansar Capital" АҚ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00

5.2. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

5.2.3. Жинақтаушы зейнетақы қорларының негізгі қаржы көрсеткіштері

мың теңге, кезеңнің соңына

	Жарғылық капитал	Резервтік капитал	Капитал	Міндеттемелер	Активтер	Кірістер	Шығыстар
2021	**7 114 244**	**0**	**226 231 635**	**2 126 997**	**228 358 632**	**34 555 415**	**14 107 092**
2022	**7 114 244**	**0**	**250 022 680**	**2 330 715**	**252 353 395**	**38 281 449**	**13 690 380**
2023	**7 114 244**	**0**	**229 238 828**	**4 329 143**	**282 003 222**	**45 052 775**	**15 775 980**
2024	**7 114 244**	**0**	**307 247 038**	**5 070 943**	**312 317 981**	**48 123 465**	**17 572 055**
2025	**7 114 244**	**0**	**337 785 271**	**6 490 042**	**344 275 313**	**55 553 049**	**21 286 446**
2025							
01.25	7 114 244	0	309 703 130	5 628 016	315 331 146	4 301 691	1 658 265
02.25	7 114 244	0	312 197 880	5 557 984	317 755 864	8 608 311	3 452 763
03.25	7 114 244	0	314 919 412	5 617 926	320 537 338	13 031 153	5 044 081
04.25	7 114 244	0	317 675 579	6 061 066	323 736 645	17 520 319	6 597 891
05.25	7 114 244	0	320 551 923	5 435 240	325 987 163	22 067 134	8 341 872
06.25	7 114 244	0	323 394 084	5 699 046	329 093 130	26 649 641	9 961 709
07.25	7 114 244	0	324 567 582	7 513 070	332 080 652	31 307 497	11 515 437
08.25	7 114 244	0	327 109 667	7 735 050	334 844 717	36 026 299	13 398 712
09.25	7 114 244	0	329 957 758	8 056 597	338 014 355	40 878 148	14 879 751
10.25	7 114 244	0	332 537 286	8 673 968	341 211 254	45 696 755	16 999 333
11.25	7 114 244	0	334 752 049	10 149 420	344 901 469	50 663 584	19 213 670
12.25	7 114 244	0	337 785 271	6 490 042	344 275 313	55 553 049	21 286 446
2026							
01.26	7 114 244	0	340 408 778	7 070 643	347 479 421	5 047 826	1 720 790
02.26	7 114 244	0	342 939 557	8 272 625	351 212 182	10 123 073	3 544 375
03.26	7 114 244	0	345 107 601	8 722 698	353 830 299	15 415 198	6 258 441
04.26	7 114 244	0	347 993 277	9 106 988	357 100 265	20 743 146	8 049 088
05.26	7 114 244	0	350 839 633	10 106 257	360 945 890	26 156 013	9 862 204
06.26	7 114 244	0	353 782 743	9 540 864	363 323 607	31 512 993	11 944 087
07.26	7 114 244	0	356 815 765	9 954 105	366 769 870	37 037 397	13 710 177
08.26	7 114 244	0	361 548 282	8 991 745	370 540 027	42 672 653	15 556 406
09.26	7 114 244	0	364 870 977	9 660 175	374 531 152	48 284 371	17 229 064

5.3. Сақтандару нарығы

млн.теңге, кезеңнің соңына

	12.21	12.22	12.23	12.24	12.25	03.26	06.26	09.26
Сақтандыру ұйымдарының саны, барлығы	**27**	**26**	**25**	**25**	**25**	**25**	**25**	**25**
- шетел капиталы қатысқан	...	4	5	5	6	6	6	6
- өмірді сақтандыру бойынша	9	9	9	10	10	10	10	10
Жиынтық активтер	**1 048 976**	**2 066 614**	**2 278 713**	**2 892 074**	**3 629 614**	**3 742 417**	**4 103 702**	**4 427 648**
Сақтандыру резервтері, оның ішінде қайта сақтандырушының үлесі	**354 432**	**1 095 948**	**1 134 855**	**1 627 864**	**2 075 391**	**2 115 521**	**2 328 246**	**2 576 856**
Жиынтық меншік капиталы*	**598 904**	**775 196**	**911 900**	**1 018 187**	**1 280 299**	**1 341 337**	**1 346 734**	**1 438 933**
Сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру шарттары бойынша қабылданған, барлығы**	**744 836**	**811 488**	**1 055 923**	**1 539 427**	**1 750 857**	**410 429**	**925 999**	**1 578 935**
міндетті сақтандыру	151 234	193 532	215 238	268 572	294 055	78 097	159 532	246 904
ерікті түрде жеке басты сақтандыру	383 433	359 946	480 551	908 631	1 018 783	230 911	556 113	1 053 263
ерікті түрде мүлікті сақтандыру	210 169	258 009	360 134	362 224	438 019	101 420	210 353	278 768
Сақтандыру төлемдері, барлығы**	**114 954**	**156 099**	**215 787**	**275 345**	**378 358**	**102 069**	**216 921**	**367 560**
міндетті сақтандыру	44 326	57 451	78 244	128 349	157 037	42 587	88 679	134 977
ерікті түрде жеке басты сақтандыру	50 925	59 570	83 580	102 239	158 293	44 454	103 272	189 111
ерікті түрде мүлікті сақтандыру	19 703	39 077	53 962	44 758	63 028	15 028	24 971	43 472
Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар**	**108 124**	**115 904**	**153 209**	**138 974**	**189 111**	**51 348**	**126 695**	**171 503**
оның ішінде бейрезиденттерге	99 000	96 830	117 815	112 900	158 673	27 797	80 353	103 850

* баланс бойынша деректер

** тура сақтандыру бойынша, жылдың басынан

01.01.2023 ж. бастап сақтандыру ұйымдарының қаржылық есептілігін қалыптастыру 17 ХҚЕС сәйкес жүзеге асырылады. 2023 жылғы осы кестеде деректердің алдыңғы кезеңдермен салыстырымдылығын қамтамасыз ету мақсатында пруденциалдық нормативтерді (реттеушілік) ескере отырып қалыптастырылған жиынтық активтер, сақтандыру резервтері және жиынтық меншікті капитал көрсетілген.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

-	Санат қолданылмайды
- -	Операциялар жүргізілген жоқ
...	Деректер жоқ
0	Деректер дөңгелектенбейді
АҚ	Акционерлік қоғамы
БААЖ	Банкаралық ақша аударымдары жүйесі
ББВР	Биржадан тыс банкаралық валюта нарығы
БВТ	Басқа шетел валюталарының түрлері
БЖЗҚ	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
БКЖ	Банкаралық клиринг жүйесі
ЕАВ	Еркін айырбасталымды валюта
ЕБ	Еншілес банк
ЕҰ	Еншілес ұйым
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖЗҚ	Жинақтаушы зейнетақы қоры
ҚҰБ	Қазақстан Ұлттық Банкі
МАОҚАМ	Мемлекеттік арнаулы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер
МБҚ	Мемлекеттік бағалы қағаздар
МЕИҚАМ	Мемлекеттік индекстелетін қазынашылық міндеттемелер
МЕҚҚАМ	Мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелер
МЕОҚАМ	Мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер
МЕТИКАМ	Мемлекеттік TONIA ставкасына индекстелген қазынашылық міндеттемелер
МЕҰЖҚАМ	Мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелер
МЕҰҚАМ	Мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелер
МЖЗҚ	Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры
МҰИҚАМ	Мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелетін қазынашылық міндеттемелер
ТБ	Төлем балансы
ҰСБ	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
ХҚЕС	Халықаралық Қаржылық Есептіліктің стандарттары
KZT	Қазақстан теңгесі
KASE	Қазақстан қор биржасы

Шетел валюталары

AED	БАЭ дирхамы
AUD	Австралия доллары
CAD	Канада доллары
CHF	Швейцар франкі
CNY	Қытай юані
DKK	Дат кронасы
EUR	Еуро
GBP	Ағылшын стерлинг фунты
JPY	Жапон иені
KRW	Оңтүстік Корея воны
KWD	Кувейт динары
NOK	Норвег кронасы
SAR	Сауд риялы
XDR	Арнаулы өзара қарыз құқықтары (SDR)
SEK	Швед кронасы
SGD	Сингапур доллары
HKD	Гонконг доллары
INR	Үнді рупийі
THB	Тайланд баты
AMD	Армян драмы
TJS	Тәжік сомониі
TRY	Түрік лирі
USD	АҚШ доллары
ZAR	Оңтүстік-африка ранді
BYR	Беларус рублі
HUF	Венгер форинті
KGS	Қырғыз сомы
LTL	Литва литі
LVL	Латыш латы
MDL	Молдован лейі
RUB	Ресей рублі
CZK	Чех кронасы
UAH	Украин гривнасы
UZS	Өзбек сумы
PLN	Польша злоты
BRL	Бразилия риалы
AZN	Әзірбайжан манаты
MYR	Малайзия рингиті
MXN	Мексика песосы
IRR	Иран риалы

Методикалық түсініктеме

I тарау «Жалпы экономикалық үрдістер»

«Негізгі макроэкономикалық индикаторлар» кестесі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының жариялайтын ресми статистикалық ақпараттар негізінде қалыптастырылады.

Кестеде деректер басқаша көрсетілгендерден басқа көрсетілген кезең үшін келтіріледі. Жалпы ішкі өнім әрбір жыл ішіндегі өсу қорытындысымен, көлемі – ағымдағы бағалармен (номиналды ЖІӨ), өзгерістер – салыстырмалы бағалармен (нақты ЖІӨ) келтіріледі. Бұл көрсеткішті Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросымен жылдық және тоқсандық кезеңділікпен есептейді. ЖІӨ бойынша деректер жедел болып табылады және одан әрі неғұрлым нақты деректердің түсуіне қарай түзетіледі.

«Баға индекстері» кестесінде тұтастай тауарлар мен қызметтердің барлық жиынтығы бойынша (тұтыну бағаларының индексі), сондай-ақ тауарлар мен қызметтердің жекелеген топтары мен экономика секторлары бойынша баға индекстері келтіріледі.

Елдің сыртқы экономикалық қызметінің шоттары резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы экономикалық қатынастардың еркін көрінісін білдіреді. 2013 жылдың 1-тоқсанынан бастап еліміздің төлем балансы, халықаралық инвестициялық позициясы және сыртқы борышы «Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі нұсқаулық» (ТБН6) алтыншы басылымының қағидаларына сәйкес қалыптастырылады.

Төлем балансы – бұл резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы белгілі бір кезең уақытындағы экономикалық операциялардың жиынтық түрін көрсететін есеп. Төлем балансын (ТБ) жасау және бағалау ТБН6 негізінде есепке алудың стандартты ережелері мен айқындамаларына сәйкес жүргізіледі.

ТБ стандарттық құрылымы мына шоттардан тұрады: ағымдағы операциялар шоты (тауарлар және қызметтер, бастапқы кірістер, қайталама кірістер), капиталмен операциялар шоты және қаржылық шот.

Ағымдағы операциялар шоты резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы тауарлардың, қызметтердің, бастапқы кірістердің және қайталама кірістердің ағындарын көрсетеді. Ағымдағы операциялар шоты бойынша сальдо алуға экспорт және кіріс сомасы және импорт пен төлеуге кіріс сомасы арасындағы айырманы көрсетеді (экспорт және импорт тауарларды да, қызметтерді де қамтиды, ал кіріс бастапқыны да, қайталаманы да білдіреді).

Капиталмен операциялар шоты резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы туынды емес қаржылық емес активтермен және капиталдық трансферттермен кез келген сыртқы экономикалық операцияларды қамтиды. Туынды емес қаржылық емес активтер табиғи ресурстардан, жалдау келісімшарттарынан, шарттарынан және лицензиялардан және маркетингтік активтерден тұрады.

Қаржылық шотта резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы қаржы активтерімен және міндеттемелермен операциялар көрсетіледі. Қаржылық шот қаржыландырудың таза халықаралық операцияларында қолданылатын функционалдық санаттар, секторлар, құралдар және өтеу мерзімдері туралы ұғымды береді. Сыртқы экономикалық қызмет шоттарындағы қаржы активтері мен міндеттемелерінің ағындары таза негізде көрсетіледі. Қаржылық шотта «активтер» және «міндеттемелер» дегеннің орнына «қаржы активтерін таза сатып алу» және «міндеттемелерді таза қабылдау» деген атаулар қолданылады. «Қосу» деген белгісі бар өзгеріс активтер мен міндеттемелердің ұлғаюын, ал «минус» деген белгісі бар өзгеріс активтердің немесе міндеттемелердің азаюын көрсетеді. Қаржы шотының сальдосы активтер мен

міндеттемелердің арасындағы айырма ретінде анықталады және «таза кредиттеу» (егер сальдо оң болса) немесе «таза қарыз алу» (егер теріс болса) деп аталады.

Сыртқы борыш осы елдің резиденттерінің негізгі борышты және/немесе пайыздарды төлеуді талап ететін бейрезиденттер алдындағы белгілі бір уақытқа өтелмеген нақты және ешбір шарттастырылмаған міндеттемелерін білдіреді.

Сыртқы борыштың стандарт құрылымы кәсіпорындардың шетелдік тікелей инвесторлар, шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындары алдындағы, сондай-ақ шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелер енгізілетін фирмааралық берешектің (экономика секторларынан бөлек) бөлініп көрсетілуімен резиденттердің экономикасы секторлары бойынша бөлек қалыптастырылады. Сыртқы борышты басқаруда мемлекеттің фирмааралық берешекпен байланысты жүйелік тәуекелдері өте төмен бағаланады, себебі тікелей инвестор-кредитор оның қызметіне қатысу арқылы қарыз алушының төлем қабілетсіздігі тәуекелін бөліседі. Яғни, фирмааралық берешекке негізгі борышты және/немесе пайыздарды төлеу мерзімінің қарыз алушылардың операциялық қызметінің нәтижесіне тәуелділігінен көрінетін белгілі бір шарттылық дәрежесі тән.

II тарау «Негізгі ақша-кредит көрсеткіштері»

Бұл тараушада **Ұлттық Банктің ресми сыйақы мөлшерлемесі** жайлы мәлімет берілген.

Қазақстан Ұлттық Банкі өз операциялары бойынша келесі сыйақы мөлшемелерді белгілейді:

- базалық мөлшерлеме;
- ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі;

Базалық мөлшерлеме - ақша нарығындағы номиналды банкаралық пайыздық мөлшерлемелерді реттеуге мүмкіндік беретін Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының негізгі құралы. Базалық мөлшерлеменің деңгейін белгілей отырып, Ұлттық Банк орта мерзімді кезеңде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі мақсатқа қол жеткізу үшін ақша нарығының таргеттелетін (нысаналы) банкаралық қысқа мерзімді мөлшерлемесінің нысаналы мәнін айқындайды.

Қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін индикативтік сипатта белгіленді және ақша нарығының жалпы жай-күйіне, қарыздар бойынша сұраныс пен ұсынысқа, инфляция деңгейіне байланысты белгіленеді. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап «қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі» ұғымы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «базалық мөлшерлеме» ұғымына ауыстырылды.

Одан әрі **Қазақстанның Ұлттық Банкі (ары қарай - ҚҰБ), банктер, банк жүйесі, депозиттік емес ұйымдар бойынша монетарлық шолулардан және қаржы секторы бойынша шолудан және де ақша агрегаттары мен депозиттік ұйымдардағы депозиттер** бойынша ақпарат бар. 2003 жылғы желтоқсаннан 2005 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде бұл тарау ҚҰБ, банктер және кредиттік серіктестері деректерінен тұратын депозиттік ұйымдар бойынша шолуды қамтыды. 2006 жылғы қаңтардан бастап депозиттік ұйымдар бойынша шолу жарияланбайды, ақша агрегаттары мен депозиттерде кредиттік серіктестіктердің шоттары есепке алынған жоқ. Себебі, Қазақстан Республикасының заңдарына лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша енгізілген өзгерістерге байланысты

кредиттік серіктестіктерге қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өкілеттігі таралмайды.

Монетарлық шолулар Халықаралық Валюта Қорының ақша-кредит және қаржы статистикасын құру жөніндегі Басшылығына сәйкес жинақталады. Бұл Нұсқада стандартты тұжырымдамалар, анықтамалар, жіктеу нысандары және ақша-кредит мен қаржы статистикасы көрсеткіштерінің үйлесілімділігін қамтамасыз етуде статистиканы ұлттық және халықаралық деңгейде жинау мен ұйымдастырудың жалпы тәсілдерінің жиынтығы берілген.

ХВҚ-ның ұсыныстары бойынша активтерді қайта жіктеуге, әдіснаманың өзгеруіне, басқа ақпарат көздерінен алынған ұқсас көрсеткіштерді салыстырып тексерудің барысында айырмашылықтар табуға байланысты өзгертілген деректер жариялануы қажет. Осыған байланысты есепті кезеңнің ішінде немесе келесі есепті кезеңдерде бұрында жарияланған монетарлық шолулар, ақша агрегаттары және олардың құрамдас бөліктерінің түзетулері болуы мүмкін.

Монетарлық шолу кестелері сәйкес ұйымдардың баланстары негізінде құрылыстырылады.

Баланс шоттары резиденттік белгілері бойынша бөлініп, сыртқы және ішкі активтер/ міндеттемелер түрінде топтастырылды. Ішкі активтер/ міндеттемелер экономиканың секторлары бойынша топтастырылды.

Ұлттық Банк бойынша монетарлық шолу үш бөліктен тұрады:

1) *Таза сыртқы активтер*, таза (нетто) айқындаманы білдіреді, немесе ҚҰБ-нің басқа елдерге (бұрынғы ТМД елдерін қоса алғанда) қатысты талаптары мен міндеттемелері арасындағы айырмашылықты құрайды. Таза сыртқы активтер мынадай түрде берілген:

- таза халықаралық резервтер (жалпы халықаралық активтер мен ЕАВ-дағы сыртқы міндеттемелердің айырмашылығы);
- Ұлттық Қорының активтері;
- басқа таза сыртқы активтер.

Жалпы халықаралық активтерге монетарлық алтын мен SDR, қолма-қол шетел валютасы және шетел валютасындағы депозиттер, кредиттер, бағалы қағаздар (акциядан басқа), қаржылық деривативтер, сыртқы басқарудағы активтер, ЕАВ-дағы бейрезиденттерден алуға берілетін басқа шоттар бойынша таза (нетто) позициясы кіреді.

Монетарлық алтын мен арнаулы өзара қарыз құқықтары (SDR) - қаржылық активтер, пассив жағында оларға арналған сәйкес қаржылық міндеттемелер жоқ. Монетарлық алтын ретінде, тек орталық банкте немесе мемлекеттік реттеу органдарында сақталатын алтын есепке алынады және де ол елдің ресми халықаралық резервінің бір бөлігін құрайды.

SDR - халықаралық резервтік активтер, оларды ХВҚ құрады және ХВҚ-ға мүше елдердің арасында бар ресми резервтерге қосымша таратады. SDR мемлекеттердің үкіметі немесе халықаралық қаржы ұйымдарының шектеулі санының иелігінде ғана бола алады. SDR-дегі авуарлар басқа ХВҚ-ға мүше елдерден шетел валютасын және басқа да резервтік активтер алудың сөзсіз құқығы болып табылады.

Монетарлық алтын және SDR бойынша операциялар тек мемлекеттік органдар арасында немесе елдің мемлекеттік органдарымен халықаралық қаржы ұйымдары арасында ғана жүргізіле алады.

2) *Ішкі активтер,* таза (нетто) айқындаманы немесе Қазақстан Республикасының ішкі экономикасы секторлары бойынша талаптар мен міндеттемелердің арасындағы айырмашылықты білдіреді.

ҚҰБ бойынша монетарлық шолудағы таза сыртқы және таза ішкі активтер сомасының жиынтығы ҚҰБ-нің пассивтеріне тең.

Ішкі активтер құрамы:

- Орталық Үкіметке қойылған таза талаптар;
- банктерге қойылған талаптар (ҚҰБ-нің ноттарын қоспағанда);

- банктік емес қаржы ұйымдарына қойылған талаптар;
- өзге экономикаға қойылған талаптар (қаржы институтына жатпайтын мемлекеттік / мемлекеттік емес ұйымдарға, үй шаруашылықтарына);
- басқа таза ішкі активтер (басқа міндеттемелер мен капитал шоттарын алып тастағандағы басқа қаржы және қаржылық емес активтер).

3) Пассивтер мынадай:

- резервтік ақша және екінші деңгейлі банктер мен банктік емес қаржы ұйымдарының басқа депозиттері мен кредиттері (РЕПО операциялары), қаржылық деривативтер.

Резервтік ақша (ақша базасы) ҚҰБ кассасындағы ақшаны қоспағандағы (ҚҰБ-тен тыс қолма - қол ақша) ҚҰБ айналысқа шығарған қолма - қол ақшадан, банктердің аудармалы және басқа депозиттерінен, банктік емес қаржы және қаржылық емес ұйымдардың аудармалы депозиттерінен, мемлекеттік және қаржы институттарына жатпайтын мемлекеттік емес ұйымдардың Ұлттық Банктегі теңгедегі ағымдағы шоттарынан құралады.

Аудармалы депозиттер – барлық келесі депозиттер, олар: 1) әрқашан айыппұлсыз және шектеусіз атаулы құнымен ақшаға ауыстырылады; 2) чектің, траттың немесе жиро-кепілдіктің көмегімен еркін айналады; 3) төлемдер жүргізуде кең қолданылады.

Басқа депозиттер - негізінен олар, белгілі уақыт аралығынан кейін ғана алынатындығы немесе әртүрлі шектеулері жай коммерциялық операцияларда біраз қолайсыздық туғызатын және жинақ механизміне қойылатын талаптарға жоғары дәрежеде сай келетін жинақ және мерзімдік депозиттер. Басқа депозиттер, сонымен қатар, шетел валютасында тұлғаланған аудармалы емес салымдар мен депозиттерді де қамтиды.

Банктер бойынша монетарлық шолу банктердің баланстары негізінде жинақталады және оның құрамы таза сыртқы активтерден (ЕАВ-дағы таза ішкі активтер және БВТ-дегі басқа таза сыртқы активтер), ішкі активтерден (резервтер, ҚҰБ-ке қойылған басқа талаптар, Орталық үкіметке қойылған таза талаптар, аймақтық және жергілікті басқару органдарына қойылған талаптар, банктік емес қаржы ұйымдарына, мемлекеттік және қаржы институтына жатпайтын мемлекеттік емес ұйымдарға, ҮШҚК БКМ-ге (үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін бейкоммерциялық мекемелер), үй шаруашылықтарына қойылған талаптар, басқа таза активтер) және пассивтерден (аудармалы және басқа депозиттер, бағалы қағаздар, кредиттер, қаржылық деривативтер, төлеуге берілетін басқа шоттар) тұрады.

Банк жүйесі бойынша монетарлық шолу ҚҰБ мен банктердің монетарлық шолуларын шоғырландыру негізінде топтастырылды. Ол таза сыртқы активтерді, таза ішкі активтерді және пассивті қамтиды. Банк жүйесінің таза сыртқы және таза ішкі активтері пассивпен тең түседі. Банк жүйесінің пассивтері экономика секторлары бойынша егжей-тегжейленген айналыстағы қолма-қол ақшаны, аудармалы және басқа депозиттерді қамтиды.

Ақша массасының құрамы айналыстағы қолма-қол ақшадан, аймақтық және жергілікті басқару органдарының, банктік емес қаржы ұйымдарының, мемлекеттік және қаржы институтына жатпайтын мемлекеттік емес ұйымдардың, ҮШҚК БКМ-нің, үй шаруашылықтарының аудармалы және басқа депозиттерінен тұрады.

Депозиттік емес қаржы ұйымдарының шолуы қазіргі кезде ипотекалық компаниялар, Даму банкі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдар және БЖЗҚ баланстары негізінде жинақталады. Қызметінің негізгі түрлеріне сәйкес бұл ұйымдар басқа қаржы ұйымдарының қосымша секторына жатады. Шолудың пассивтері депозиттік емес қаржы ұйымдарының қаржы құралдары мен экономика секторлары бойынша егжей-тегжейленген міндеттемелерінен тұрады.

Қаржы секторының шолуы банк жүйесінің шолуы және депозиттік емес қаржылық ұйымдардың шолуы позицияларының шоғырландыру негізінде құрастырылады.

2016 ж. бастап, Депозиттік емес қаржы ұйымдары бойынша шолу және Қаржы секторы бойынша шолу тоқсан сайын қалыптастырылып жарияланады.

«Ақша агрегаттары» кестесі ақша базасының, тар ақша базасының, резервтік депозиттердің және ақша агрегаттарының көрсеткіштерінен тұрады

Ақша агрегатарына, қазіргі кезде ақша-кредит көрсеткіштерін құру мен талдауға қолданылып жүрген, М0 (айналыстағы қолма-қол ақша), М1, М2 (аралық агрегаттар) және М3 (ақша массасы) жатады.

Ақша массасы депозиттік ұйымдардың (ҚҰБ және екінші деңгейдегі банктер) баланс шоттарын шоғырландыру негізінде анықталады және құрамына айналыстағы қолма-қол ақша және заңды тұлға-резиденттер мен үй шаруашылығы резиденттерінің депозиттік ұйымдардағы депозиттері кіреді.

Төменде ақша агрегаттарының құрылымы келтірілді:

1. **М0** (айналыстағы қолма-қол ақша, немесе банк жүйесінен тыс ақша);
2. **М1**, М0 + банктік емес заңды тұлғалар мен халықтың теңгедегі аудармалы депозиттері;
3. **М2**, М1 + теңгедегі басқа депозиттер және банктік емес заңды тұлғалар мен халықтың шетел валютасында салынған аудармалы депозиттері;
4. **М3** (ақша массасы), М2 + банктік емес заңды тұлғалар мен халықтың шетел валютасына салынған басқа депозиттері.

Тар ақша базасы – ҚҰБ банк жүйесіндегі өтімділікке ықпал ету жөніндегі операцияларға жасайтын талдауы үшін енгізілген есептеу көрсеткіші. Ол банктердің ҚҰБ-дегі басқа депозиттерін (мерзімді) алып тастағандағы ақша базасының көлеміне тең.

Банктердің резервтік депозиттері – банктердің резервтік талаптарды орындауы үшін пайдаланатын депозиттері. Олар ҚҰБ орналастырылған теңгемен және шетел валютасымен аударылатын депозиттерден тұрады.

Осы бөлімде сонымен қатар **банктердің кредиттері және банктердегі депозиттер** жөніндегі ақпарат көрсетіледі.

Есепті кезеңде банк секторы (Екінші деңгейдегі банктер және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ) клиенттерге (Қазақстан Республикасының резиденттеріне) берген кредиттер бойынша деректер және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері клиенттердің (Қазақстан Республикасының резиденттерінің) кредиттік және мерзімі өткен берешегінің қалдықтары туралы деректермен қатар бизнес кредиттері және халықтың кредиттері бөлінісінде, валюта түрлері мен мерзімдері бойынша берілді.

Бизнес несиелеріне қаржылық емес ұйымдардың несиелері және кәсіпкерлік қызметке алынған жеке кәсіпкерлердің несиелері кіреді. Халықтың кредиттері кәсіпкерлік қызметке алынған жеке кәсіпкерлердің кредиттерін қоспағанда, жеке тұлғалардың кредиттерін қамтиды.

Экономикаға кредиттердің егжей-тегжейлі ақпартты ҚҰБ-ның ресми интернет-ресурсында «Статистика - Ақша-кредит және банк статистикасы - Кредит нарығы - Экономикаға банк секторының кредиттері (талдамалық ұсыным)» бөлімінен табуға болады.

«Кезеңнің соңына» деген өлшем бірлігі көрсетілген кредиттер кестелерінде нақты күндегі жағдай бойынша банк секторының экономикаға кредиттері бойынша нағыз берешек қалдығы көрсетіледі.

«Кезеңде» деген өлшем бірлігі көрсетілген кредиттер кестелерінде банк секторының нақты кезеңде берген кредиттері бойынша ақпарат көрсетіледі.

1 жылдан асатын кредиттер ұзақ мерзімді кредиттер ретінде көрсетілген.

“**Екінші деңгейдегі банктердің тартқан депозиттері және орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі”** кестесінде есепті кезеңде клиенттердің (Қазақстан Республикасының резиденттері) екінші деңгейдегі банктеріне депозиттеріне тартылған ақша сомасы және олар бойынша сыйақы мөлшерлемесі валюта түрлері бойынша (ұлттық, еркін айналыстағы (ЕАВ) және шектеулі айналыстағы (ВБТ)) заңды және жеке тұлғалар бөлігінде көрсетілді. “**Екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың (резиденттер мен бейрезиденттердің) салымдары”** кестесінде ұзақ мерзімді салымдар 1 жылдан астам тартылған салымдар болып табылады.

Бюллетендегі көрсетілген кестелерде заңды тұлғалар экономиканың нақты секторын қамтиды: мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар-резиденттер (пайда алу мақсатында тауарлар өндірумен және қаржылық емес қызмет көрсетумен айналысатын, басқару органдары бақылайтын кәсіпорындар мен ұйымдар); мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар-резиденттер (мемлекеттік басқару органдармен бақыланбайтын, экономикалық елеулі бағалармен өткізілетін нарықтық тауарларды өндіру және қаржылық емес қызметтер көрсетумен айналысатын кәсіпорындар мен ұйымдар. Олар мемлекеттік емес резидент бірліктердің немесе бейрезиденттердің бақылауында болуы мүмкін); үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар-резиденттер (үй шаруашылықтарына немесе тұтас алғанда қоғамға тегін немесе экономикалық елеусіз бағалармен нарықтық емес тауарлар мен қызметтер ұсынатын бейкоммерциялық ұйымдар. Бұл қоғамдық және діни бірлестіктер, партиялар, кәсіпшілер одағы ұйымдары, қайырымдылық қорлар, мәдениет және демалыс үйлері, спорттық клубтар және басқа қоғамдық ұйымдар).

Жеке тұлғалар - халық, заңды тұлға құрмаған жеке кәсіпкерлер және дара еңбек қызметінің өзге де нысандары.

“Жеке тұлғалардың (резиденттер мен бейрезиденттердің) ұжымдық сақтандыру жүйесіне кіретін екінші деңгейдегі банктердегі салымдары” кестесіндегі банктер бойынша деректер олардың келісімімен жарияланады.

Сыйақы мөлшерлемелері есепті кезеңде нақты берілген кредиттер/тартылған депозиттер бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме ретінде есептеледі.

III тарау «Қаржы нарықтары»

Бұл тараудың кестелерінде мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы және қайталама нарықтарында өткен аукциондардың нәтижесі мен негізгі көрсеткіштері берілген.

Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді ҚР Үкіметінің атынан ҚР Қаржы министрлігі шығарады. Негізінен олар мемлекеттік бюджет тапшылығының орнын инфляциялық емес толтыруға және мемлекеттің мақсатты бағдарламаларын қаржыландыруға арналған.

Мемлекеттік қысқа мерзімді қазнашылық міндеттеме **(МЕҚҚАМ)** – құжаттандырылмаған дисконтталған МБҚ, атаулы құны 100 теңге;

Мемлекеттік орта мерзімді қазнашылық міндеттеме **(МЕОҚАМ)** – құжаттандырылмаған купондық МБҚ, атаулы құны 1000 теңге, купонның төленуі жылда 2 рет, сыйақы мөлшерлемесі тіркелген;

Мемлекеттік орта мерзімді қазнашылық міндеттеме **(МЕҰҚАМ)** – құжаттандырылмаған купондық МБҚ, атаулы құны 1000 теңге, купонның төленуі жылда 1 рет, сыйақы мөлшерлемесі тіркелген;

Мемлекеттік индекстелген қазнашылық міндеттеме **(МЕИҚАМ)** – құжаттандырылмаған купондық ТБИ-не (тұтыну бағаларының индексі) индекстелген МБҚ, атаулы құны 1000 теңге, купонның төленуі әр 3 айда, сыйақы мөлшерлемесі тіркелмеген (құбылмалы);

Мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазнашылық міндеттеме **(МЕҰЖҚАМ)** – құжаттандырылмаған купондық ТБИ-не индекстелген МБҚ, атаулы құны 1000 теңге, купонның төленуі жылда 1 рет, сыйақы мөлшерлемесі тіркелмеген (құбылмалы), ЖЗҚ арасында орналастырылады;

TONIA TCI индексіне индекстелген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер (**МЕТИСКАМ**) — TONIA TCI индексіне индекстелген, номиналды құны 1 000 теңгені құрайтын, купондық төлемдері жылына 2 рет жүзеге асырылатын, сыйақы мөлшерлемесі белгіленбеген (өзгермелі) құжатсыз купондық мемлекеттік бағалы қағаздар.

Евроноттар - құжаттандырылмаған купондық МБҚ, атаулы құны 1 АҚШ доллары, купонның төленуі жылда 2 рет, сыйақы мөлшерлемесі тіркелген;

Мемлекеттік арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттеме **(МАОҚАМ)** – купондың эмиссиялық МБҚ, атаулы құны – 10 АҚШ долларына балама теңгедегі сома, купонды төлеу кезеңі – жартыжылдық, екі және үш жылдық айналыс мерзімімен шығарылады.
Тек Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары – резидентер арасында агент арқылы жазылу жолымен орналастырылады.

ҚҰБ-нің **қысқа мерзімді ноттары** - Қазақстан Ұлттық Банкі айналысқа шығаратын құжаттамасыз дисконттық МБҚ, айналыс мерзімі 1 жылға дейіе, атаулы құны 100 теңге. Айналыстағы ақша массасын реттейтін, инфляциялық үдерістер мен бағаларға ықпал ететін, төлем балансын реттейтін, республикалық бюджеттің кассалық орындалуын қамтамасыз ететін ақша-кредит саясатының құралы

Муниципалдық бағалы қағаздар - облыстық әкімшіліктер шығаратын құжаттандырылмаған дисконттық, купондық (1, 3 жыл) облигациялар, атаулы құны 100 АҚШ доллары және купондық ТБИ-не индекстелген МБҚ (3 жыл), атаулы құны 100 АҚШ доллары және 100 теңге, айналыс мерзімі 3 жыл. Негізінен олар жергілікті бюджет тапшылығының орнын инфляциялық емес толтыруға арналған.

Купондық облигациялар бойынша алты айда бір рет купон төленеді.

Валюталық МБҚ бойынша өтеулер мен сыйақы төлемдері теңгеде, нарық бағамы негізінде белгіленген төлем жүргізетін күннің қарсаңындағы ҚҰБ-нің ресми айырбас бағамы бойынша, жүргізіледі.

Сату көлемі – осы кезең ішінде аукциондарда нақты сатылған МБҚ-дың көлемі.

Орташа өлшемді дисконтталған сату бағасы – есеп беретін кезең ішінде әр аукционда орналыстырылған қағаздардың сату көлемі мен осы қанағаттандырылған тапсырыстардың орташа алынған дисконтталған бағасының көбейтінділері сомасының осы кезең ішіндегі жалпы сату көлеміне қатынасы.

Дисконтты МБҚ-дың тиімді жылдық кірістілігі төмендету мөлшеріне (дисконтқа) байланысты және ол төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$[(N-P)/P]^{\frac{T}{}} \times 100\%$$

бұнда:

N – бір бағалы қағаздың атаулы құны;
P – сатудың орташа алынған дисконтталған бағасы;
T – МБҚ-дың бір жыл ішіндегі айналымы.

МБҚ-ды қайталама нарығында сату/сатып алу бойынша мәмілелер Қазақстанның қор биржасында жүргізіледі.

Мәмілелер көлемі - қайталама нарығында белгілі кезең ішінде сатылған МБҚ-дың жалпы көлемі.

Қайталама нарығында МБҚ-ды сатып алушы және сатушылар Алғашқы дилерлер. Заңды және жеке тұлғалар сату/сатып алу мәмілелерін тек Алғашқы дилерлер арқылы жүргізе алады.

«Шетел валютасының ресми айырбастау бағамдары» кестесінде, KASE-де белгіленетін валютаның кезең ішіндегі орташа алынған биржалық айырбас бағамы орташа алынған арифметикалық формула бойынша есептеледі:

$$Kор/μ = \frac{K1 \times Q1 + K2 \times Q2 + ... + Kn \times Qn}{Q1 + Q2 + ... + Qn}$$

K1…Kn - n-ші мәміле бойынша бағам;
Q1…Qn - n-ші мәміленің көлемі.

Кезеңдегі орташа ресми айырбас бағамы Ұлттық Банктің оқтын-оқтын белгілейтін ресми айырбас бағамдарының негізінде мына формула бойынша есептеледі:

$$Kор = \frac{K1 + K2 + ... + Kn}{m}$$

K1…Kn - белгілі бір жұмыс күніне белгіленген бағам;
m – есеп берілген кезеңдегі жұмыс күндерінің жалпы саны.

IV тарау «Төлемдер жүйесі»

Қазақстан Республикасында жұмыс істеп тұрған негізгі төлем жүйелері: Ақша аударымдарының банкаралық жүйесі және Бөлшек төлемдер жүйесі.

Ақша аударымдарының банкаралық жүйесі өтімділік пен жүйелік тәуекелі ең төмен банкаралық төлемдер механизмі болып табылады, бұл жүйе пайданушылардың басым артықшылықты, орындау мерзімін бірінші кезекке белгілеген, төлемдерін аударуға арналған. Бұл төлемдер - кредит ресурстарының банкаралық нарығында, бағалы қағаздар нарығында және шетел валютасында жүргізілетін операциялармен байланысты төлемдер.

Кіші-гірім сомалар төлемдерінің көбі клиринг палаталары арқылы атқарылады. Бөлшек төлемдер жүйесі жинақтау, салыстырып тексеру, сұрыптау және өзара ақшалай талаптар мен міндеттемелерді есепке алғаннан соң, таза айқындаманы тиісті шотқа аудару принциптеріне негізделген.

Төлем карточкаларын пайдалана жүргізілетін төлемдер қолма-қол ақша беру төлемдері мен сауда терминалдары арқылы жүзеге асырылатын тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін ақы төлемдері болып жіктеледі. Ал төлем карточкалары жергілікті жүйелер карточкалары және халықаралық жүйелер карточкалары болып бөлінеді.

Жергілікті жүйелердің карточкалары ұлттық валютада тек Қазақстан Республикасының аумағында (ALTYN, EPTIC, Каспийский) қолданылады. Халықаралық жүйелердің карточкалары еліміздің ішінде де және сыртында да қолданылады (VISA International, Europey International, American Express, HSBC, Diners Club International).

Тарау V «Қаржы институттарының негізгі көрсеткіштері»

«Банк секторы» кестесінде екінші деңгейдегі банктердің негізгі қаржылық көрсеткіштері, сонымен қатар меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті туралы ақпарат ұсынылған.

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті банктермен міндетті түрде орындалуы үшін уәкілетті орган орнататын пруденциалдық нормативтердің құрамына кіреді.

«Жинақтаушы зейнетақы жүйесі» кестесінде **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына** және жинақтаушы зейнетақы қорларына түскен міндетті және ерікті зейнетақы жарналары туралы, сондай-ақ жинақтар мен зейнетақы төлемдерінің сомалары туралы ақпарат берілген.

Зейнетақы қорланымы зейнетақы жарнасынан, айппұлдан, өсімпұлдан, тұрақсыздық айыбынан, есептелген инвестициялық түсімнен және зейнетақы төлемдерінен жинақталады. ЖЗҚ-дың салымшылары - ерікті түрде зейнетақы жарнасын төлейтін жеке тұлғалар және үшінші тұлғалар пайдасына зейнетақы жарнасын төлейтін жеке және заңды тұлғалар. Есептелген инвестициялық түсім сомасы комиссиялық сыйақы шегерілген инвестициялық әрекеттен құралады.

Инвестиция негізінен мемлекеттік бағалы қағаздарға және Банктердің депозиттеріне, мемлекеттік емес бағалы қағаздарға, халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларына салынады.

Сақтандыру нарығының жұмысын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер – жиналатын сақтандыру төлемдері (сақтандыру сыйақысы) және сақтандыру өтем төлемдері. Жылдың басынан бастап келтірілген әр кезеңнің деректері есепті кезеңде жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымдары бойынша қайта есептеледі

Сақтандыру төлемдері (сыйақы) және өтем төлемдері сақтандырудың негізгі түрлері (міндетті, ерікті түрде жеке басты және ерікті түрде мүлікті сақтандыру) бойынша келтірілген. Әр сақтандыру ұйымында (тек өмірді сақтандыру лицензиясын алған компаниядан басқа) сақтандырудың бірнеше түрлеріне лицензиялар бола алады. Қазір күші бар заңдардың тұрғысында өмірді сақтандыруға лицензия алған сақтандыру ұйымына басқа қызмет түрлерінің ешқайсысымен айналысуға рұқсат берілмейді.

Сақтандыру ұйымы өзінің алған сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға басқа отандастық немесе шетелдік сақтандыру ұйымдарына (қайта сақтандырушыға) бере алады.

Бұл жағдайда сақтандыру төлемдерінің (сыйақының) сәйкес бөлігі қайта сақтандырушыға беріледі.

Сақтандыру резервтері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша актуарий есептеулері негізінде бағаланатын міндеттемелері. Сақтандыру резервтері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен сақтандыру резерві түріне қарай әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша және әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке қалыптастырылады. Сақтандыру резервтерінің есептеуі, кейінгі тәуекелдерді қайта сақтандыруға қарамастан, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылдайтын міндеттемелерінің көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.